

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 қарашадағы № 35/12 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 9 қарашада № 7412-14 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармақтарына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 523 қаулысына сәйкес, Шарбақты аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихатының кейір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандағы маслихат төрағасы

Г. Сmailханова

Шарбақты аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
8 қарашадағы № 35/12
шешіміне 1-қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және
Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың Қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жана редакцияда - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 15.01.2025 № 113/39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2–3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 523 (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, "бір терезе" қафидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Шарбақты ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – "Шарбақты ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен құнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігінің Ұлттық статистика Бюросының Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кірісі – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тұра келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) участекілік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Шарбақты ауданының ауылдық округтері әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

12) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру обьектілерінен алғынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған обьектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізуіндің "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандыру обьектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229 -бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмек бір рет (жыл сайын) және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жылына 1 рет) көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі:

1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығару күні;

2) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;

- 3) 26 сәуір – радиациялық апаттар мен апаттардың салдарын жоюға және осы апаттар мен апаттардың құрбандарын еске алуға қатысушылар күні;
- 4) 7 мамыр – Отан қорғаушы күні;
- 5) 9 мамыр – Жеңіс күні;
- 6) 31 мамыр – Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;
- 7) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні;
- 8) 1 қазан – Қарттар күні;
- 9) 25 қазан – Қазақстан Республикасы күні;
- 10) 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

5. Участекелік және арнайы комиссиялар өз қызметін областың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

6. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган келесі санаттардағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетеді:

1) Мемлекеттік корпорацияның тізбесі негізінде мереке күндері мен атаулы күндерге орай алушылардың өтініштері талап етілмей біржолғы әлеуметтік көмек:

15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін шығару күніне орай:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілерге 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

оку жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне міндеттілерге 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен үшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жаракат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан көп балалы аналарға (отбасыларға) 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде;

26 сәуір – радиациялық апаттар мен апаттардың салдарын жоюға және осы апаттар мен апаттардың құрбандарын еске алуға қатысушылар күніне орай:

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарға және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларыға 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

7 мамыр – Отан қорғаушы күніне орай:

2003 жылғы тамыздан бастап 2008 жылғы қазанға дейінгі кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйектен бастап 2001 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды қүшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

9 мамыр – Женіс күніне орай:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріге 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде, сондай-ақ азық-түлік жиынтығы 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектің бар адамдарға, атап айтқанда Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қымылдары аудандарында, майдан маңындағы теміржол участеклерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теніз базалары мен әуеайлактардың құрылышжайларында жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілерге 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде, сондай-ақ азық-түлік жиынтығы 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кенес Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарына 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде, сондай-ақ азық-түлік жиынтығы 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға 50 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан жеңілдіктер бойынша мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адамдар деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астырын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына) 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

1986 жылдан бастап 1991 жылғы дейінгі кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ишкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

31 мамыр – Саяси қуғын-сұргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай:

Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Данқы ордендерінің иегерлеріне 10 (он мың) АЕК мөлшерінде;

"Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атақтарына ие болған адамдарға 10 (он мың) АЕК мөлшерінде;

сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сұргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси қуғын-сұргіндер құрбаны немесе саяси қуғын-сұргіндерден зардал шеккен деп танылған азаматтарға 10 (он мың) АЕК мөлшерінде;

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай:

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 20 (жиырма мың) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының колледждерінде ақылы негізде оқытын мүгедектігі бар адамдарға 30 (отыз мың) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқытын мүгедектігі бар адамдарға 60 (алпыс мың) АЕК мөлшерінде;

1 қазан – Қарттар күніне орай:

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтарға 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтарға 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

25 қазан – Қазақстан Республикасы күніне орай:

18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай:

Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысқан адамдарға 60 (алпыс мың) АЕК мөлшерінде;

2) табыс есебінсіз біржолғы әлеуметтік көмек:

жеке басын күәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) қоса бере отырып өтініш негізінде Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне тұрғын үйді жөндеуге 500 (бес жұз) АЕК мөлшерінде, жұмыстарды орындауға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге шарттар;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан женілдіктер бойынша мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адамдар деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысуышының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбы),

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға қатты отын сатып алуға (жылыту маусымында) бір рет 10 (он) АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апattар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға санаторий-курорттық емделуге бір рет 50 (елу) АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде;

жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) қоса бере отырып өтініш және санаторий-курорттық ем алушты растайтын құжаттар (орындалған жұмыс актісі, шот-фактура) негізінде 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емделуге заңды өкілдерінің еріп жүруіне 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде;

жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) қоса бере отырып өтініш және санаторий-курорттық ем алушты растайтын құжаттар (орындалған жұмыс актісі, шот-фактура) негізінде бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (жеке көмекші қызметтерін алу үшін мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігінен үзінді көшірмесі бар) санаторий-курорттық емделуге еріп жүретін адамның жол жүруіне, тұруына және тамақтануына 55 (елу бес) АЕК мөлшерінде;

3) табыс есебінсіз тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне сауықтыруға 25 (жиырма бес) АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апattар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған

балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға сауықтыруға 15 (он бес) АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілдегі органның тізімі негізінде;

4) табыс есебінсіз ай сайынғы әлеуметтік көмек:

жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғанған электрондық құжатты (жеке басты сәйкестендіру үшін) қоса бере отырып өтініш негізінде бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (өзіне-өзі құтім көрсете алмайтын және денсаулығының жай-күйіне байланысты үнемі көмек көрсетуге мұқтаж, өздерінің ата-аналарын (жұбайын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбекке жарамды кәмелетке толған балалары (жұбайы) жоқ немесе объективті себептер бойынша оларды тұрақты көмекпен және құтіммен қамтамасыз ете алмайтын жақын туыстары бар мүгедектерге (қарттық жасына, бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуы, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуі немесе басқа елді мекенде тұруы) арнайы комиссияның қорытындысы, участекелік комиссияның тексеру актісіне сәйкес 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

ауылдық жерлерде тұратын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға гемодиализ процедураларын алу үшін 15 (он бес) АЕК мөлшерінде Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шарбақты аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ұсынған тізімі негізінде.

7. Әлеуметтік көмек толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі адамдарды қоспағанда, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, келесі негіздер бойынша көрсетіледі:

1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі – бір рет 100 (жұз) АЕК шекті мөлшерде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғанған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде арнайы комиссияның қорытындысына сәйкес көрсету мерзімі залал туындаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі – бір рет 100 (жұз) АЕК шекті мөлшерде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғанған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде арнайы комиссияның қорытындысына сәйкес көрсету мерзімі залал туындаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама;

3) жеке басын қуәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы – бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде, Шарбақты ауданының пробация қызметі ұсынған тізімі негізінде пробация қызметінің есебінде болуы – бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

4) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы:

онкологиялық аурумен ауыратын тұлғаларға бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

"жүйелі қызыл жегі" ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

"1 типті қант диабеті" ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 10 (он) АЕК мөлшерінде;

дәнекер тінінің жүйелі зақымданулары ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

қант диабетінен зардап шегетін тұлғаларға ("1 типті қант диабеті" ауруынан зардап шегетін тұлғаларды қоспағанда) бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

психикалық, мінез-құлық бұзылулары (аурулары) ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

балалардың церебралдық параличі ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

миокардтың жіті инфаргі (алғашқы 6 ай) ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

ревматизм ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

туберкулез ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

нерв жүйесінің дегенерациялық аурулары ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

орфандық ауруынан зардап шегетін тұлғаларға бір рет 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс екі еселеген мөлшерінде, адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін балаларға;

амбулаторлық емдеудегі туберкулез ауруынан зардап шегетін тұлғаларға ай сайын 15 (он бес) АЕК мөлшерінде.

Әлеуметтік маңызы бар ауру болған кезде әлеуметтік көмек алушылардың тізімдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен әлеуметтік маңызы бар аурулар тізбесінде белгіленген аурулардың халықаралық жіктемесі бойынша кодына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын, әкесінің атын, екінші деңгейдегі банктердің немесе банк операцияларын жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдардардың жеке (карточкалық) банктік шот деректемелерін көрсете отырып, Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шарбақты аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынымен ұсынылады.

Тізімді ұсынудың мерзімі есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін.

Әлеуметтік көмек алушының "Тіркелген халықтың тізілімі" ақпараттық жүйесінде тіркелген және тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымында мәліметтер болмаған жағдайда әлеуметтік көмек жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отырып, соның ішінде келесі негіздер бойынша көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын, адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отырып, соның ішінде келесі негіздер бойынша көрсетіледі:

1) жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтерді қоса бере отырып өтініш негізінде участекелік комиссияның тексеру актісіне сәйкес қатты отын сатып алуға пешпен жылдытылатын жеке тұрғын үй қорында тұратын отбасыларға (азаматтарға) бір рет 10 (он) АЕК мөлшерінде;

2) жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтерді қоса бере отырып өтініш негізінде бір айдан астам созылған дертке, жедел араласуды талап ететін ауруы бар, емделуге немесе жедел араласудан кейін оңалтуға арналған шұғыл немесе жоспарлы хирургиялық ота жасатқан азаматтарға бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

3) жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтерді қоса бере отырып өтініш негізінде 12 аптаға дейін жүктілігі бойынша есепке қою үшін аудандық ауруханаға уақтылы жүгінген жүкті әйелдерге бір рет 15 (он бес) АЕК мөлшерінде, 12 аптаға дейін жүктілігі бойынша есепке қою туралы медициналық анықтама;

4) жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), адамның (отбасы мүшелерінің)

табысы туралы мәліметтерді қоса бере отырып өтініш негізінде бала тағамын сатып алуға жасанды тамақтандырылатын 1 жасқа дейінгі емшектегі балалары бар отбасыларға ай сайын 4 (төрт) АЕК мөлшерінде, баланың жасанды тамақтандырылатыны туралы медициналық анықтама.

9. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету кезінде отбасының ең төменгі құнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын, адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" №181 бұйрығы негізінде есептеледі (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылы 29 мамырда № 32609 болып тіркелген).

Отбасы құрамы Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу қағидаларының 10-тармағына сәйкес айқындалады.

Отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы есептеу кезеңіндегі (алдыңғы тоқсандағы) отбасының жиынтық табысын көрсетілген кезеңдегі айлардың (үш ай) санына және отбасы мүшелерінің санына бөлу жолымен есептеледі.

10. Эрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындейді және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі.

12. Алушылардың жекелеген санаттары үшін мереке құндер мен атаулы құндерге орай әлеуметтік көмектің мөлшерін жергілікті өкілді органдар облыс ЖАО-мен келісу бойынша бірынғай мөлшерде белгілейді.

3-тапау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

13. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларының 11 – 22, 26 – 33-тармақтарына сәйкес айқындалды.

4-тапау. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

14. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Шарбақты ауданының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы Үлгілік қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

15. Әлеуметтік көмектің артық төленген сомалары ерікті түрде қайтарылады, заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

5-тaraу. Қорытынды ереже

16. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алушы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Шарбақты аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
8 қарашадағы № 35/12
шешіміне 2-қосымша

Шарбақты аудандық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 266/81 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген).

2. Шарбақты аудандық мәслихатының 2022 жылғы 12 мамырдағы "Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 266/81 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 99/27 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28029 болып тіркелген).

3. Шарбақты аудандық мәслихатының 2022 жылғы 06 желтоқсандағы "Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың

жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 266/81 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 131/37 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31078 болып тіркелген).

4. Шарбақты аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы "Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Шарбақты ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" № 266/81 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 22/6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7357-14 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК